

Мәслихаттың 2018 жылғы 13 ақпандағы № 162 "Таран ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы мәслихатының 2019 жылғы 16 шілдедегі № 290 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 22 шілдеде № 8596 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудан мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Таран ауданы бойынша 2018-2019 жылдарға арналған жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі жоспарды бекіту туралы" 2018 жылғы 13 ақпандағы № 162 шешімінің (2018 жылғы 13 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7579 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.